



БҰЙРЫҚ

17.08.15

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 94-0

город Астана

КӨШІРМЕСІ
ДҰРЫС

Мүлікті және істерді басқарудан шеттету туралы

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2014 жылғы 23 шілдедегі шешімімен «BI-GROUP» ЖШС БСН 070240009885 банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Салық департаментінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі №415-П бұйрығымен «BI-GROUP» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Мухамеджанова Зухра Жаксыбаевна тағайындалған.

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2014 жылғы 07 қарашадағы ұйғарымымен, жаңадан ашылған мән-жайлар негізінде Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2014 жылғы 23 шілдедегі «BI-GROUP» ЖШС банкрот деп танылған шешімінің жойылуына байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «BI-GROUP» ЖШС банкроттық басқарушысы З.Ж. Мухамеджанованы тағайындау туралы 2014 жылғы 17 қыркүйектегі №415-П бұйрығының күші жойылсын.

2. «BI-GROUP» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы З.Ж. Мухамеджанова шеттетілсін.

3. З.Ж. Мухамеджанова «BI-GROUP» ЖШС борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін осы кәсіпорынның басшысына үш жұмыс күні ішінде өткізуін камтамасыз етсін.

4. Борыштармен жұмыс басқармасы «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңына сәйкес іс-шаралар жүргізісін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы К.М. Аяғановаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



Ә.Сқақов

002035

Б.С. Мухамеджанова
10.08.15